



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 20–27 қараша аралығында  
жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 30 қараша

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 27 қарашада теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,0%-ға (428,07-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 423,87 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 20–27 қараша аралығындағы кезеңде коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеудегі прогреске байланысты оптимизм, сондай-ақ АҚШ-та Президент билігін ресми түрде берудің басталуы аясында дамушы елдер валюталарының көпшілігінің нығайғаны байқалды. Джо Байденнің АҚШ ФРЖ-ның бұрынғы басшысы Жаннет Йелленді қаржы министрі етіп тағайындау жөніндегі жоспарлары туралы хабарламалар пайда болды.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына<sup>1</sup> қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жақсаруы, борыштық құралдарға капиталдың әкелінуі аясында 1%-ға (15,4-тен 15,24-ке дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** Орталық Банктің бағамды қолдауына байланысты күтулер, сондай-ақ қазанда ағымдағы шоттың 1,5 млрд профициті туралы деректердің шығуы аясында 0,9%-ға (5,39-дан 5,34-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** жергілікті борыш нарығына шетелдік инвестициялардың әкелінуі нәтижесінде 0,5%-ға (14 165-тен 14 090-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ долларының жаһандық әлсіреуі аясында 0,3%-ға (20,11-ден 20,04-ке дейін) нығайды. ОБ 2020 жылы ІЖӨ-нің 8,9%-ға түсетінін және 2021 жылы оның 3,3%-ға өсетінін болжап отыр;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуінің жалғасуы және инвесторлардың тәуекел дәрежесінің артуы аясында 0,3%-ға (76,22-ден 76-ға дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** дамушы нарықтар валюталарының жалпы оң серпіні аясында 0,1%-ға (74,15-тен 74,05-ке дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** Жерорта теңізіндегі Ливияға қару-жарақ жеткізуге эмбаргоны бұзды деген күдікпен түрік кемесін тінту оқиғасына байланысты геосаяси тәуекелдер аясында 2,6%-ға (7,64-тен 7,84-ке дейін) әлсіреді.

<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты  
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылдың басынан бастап 2020 жылғы 27  
қараша аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты  
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 20 қараша - 27 қараша  
аралағында)**



**Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 13 қараша =100,  
индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



**Толық ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефоннан ала алады:**

+7 (717) 2 775 205

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)